



Диссертациялық кеңестің 20 16 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕБІ

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті

(ұйымның атауы)

жанындағы диссертациялық кеңес

Исламтану бойынша диссертациялық кеңес

Диссертациялық кеңестің төрағасы Дербисалиев Абсаттар Бағысбайұлы
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым
саласындағы бақылау комитетінің 20 16 ж. «31» наурыздағы № 316 бұйрығымен
бекітілген.

Диссертациялық кеңеске

6D021500 «Исламтану» мамандығы бойынша;

6D020600 «Дінтану» мамандығы бойынша диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат
берілген.

1. Өткізілген отырыстың саны туралы деректер

Есеп беріліп отырған мерзімде кеңесте 6 отырыс өткізілді.

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы) – Муминов А. К. (шетелде іс-сапарда болуына байланысты)

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

| № | Т.А.Ә. | Мамандығы | Диссертация тақырыбы | Ғылыми кеңесшілері | ЖОО |
|---|--------------------------|------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|
| 1 | Исахан Мұхан Баймұратұлы | 6D020600- «Дінтану» | «622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі» | Отандық ғылыми кеңесші: филология ғылымдарының докторы, профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің проректоры Керім Шамшәдин Тұрсынұлы. Шетелдік ғылыми кеңесші: PhD докторы, Ержиес университетінің профессоры Юунус | Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті |

| | | | | | |
|---|-------------------------------|----------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|
| | | | | Апайдын (Кайсері к., Түркия Республикасы) | |
| 2 | Анарбаев Нұрлан Сайлауович | 6D021500-«Исламтану» | «Орта ғасырлық ханафи ғалым Әбу-л Қасым әл-Фарабидің//әл-Фарйабидің (?-1210) «Халисагу-л хақайк» еңбегіндегі моральдық-этикалық нормалар: мәні мен маңызы» | Отандық ғылыми кеңесші: Филология ғылымдарының докторы, профессор, Р.Б.Сүлейменов атындағы шығыстану институтының директоры Абсаттар Бағысбайұлы Дербісәлі; Шетелдік ғылыми кеңесші: PhD докторы, әл-Азһар университетінің профессоры Бакр Заки Иуад (Каир к., Египет Араб Республикасы). | Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті |
| 3 | Акимханов Асқар Болатбекович | 6D021500-«Исламтану» | «Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы (Китәб әт-тәуиләт атты еңбегі негізінде)» | Отандық ғылыми кеңесші: тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Дінтану кафедрасының меңгерушісі Муминов Әшірбек Құрбанұлы. Шетелдік ғылыми кеңесші: PhD докторы, Анкара университеті «Иләһият» факультетінің профессоры Сөнмез Кутлу (Анкара к., Түркия Республикасы). | Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті |
| 4 | Мамбетбаев Қайрат Жолдыбайұлы | 6D021500-«Исламтану» | «Ханафи мазхабында хадистерді қабылдау өлшемдері және оның фикһи тармақ мәселелерге әсері» | Отандық ғылыми кеңесші: Филология ғылымдарының докторы, Р.Б. Сүлейменов атындағы шығыстану институтының директоры, Филология ғылымдарының докторы, профессор Әбдісаттар | Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті |

М.А.А.

| | | | | | |
|--|--|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
| | | | | Бағысбайұлы Дербісәлиев. Шетелдік ғылыми кеңесші: PhD докторы, Ержиес университетінің профессоры Юунус Апайдын (Кайсері қ., Түркия Республикасы). | |
|--|--|--|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау

4.1. Қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау

Қорғалған диссертациялық зерттеулердің тақырыбы дінтану және исламтану саласымен байланысты.

Исахан Мұхан Баймұратұлының «622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі» атты диссертациялық жұмысының тақырыбы ислам тарихындағы маңызды кнлісімшаттардың бірін, маңызын, мұсылман мемлекеттілігінің пайда болуының әсерін ғылыми тұрғыдан талқылаудан өткізуге арналған. Зерттеуші маман аталған келісімшартқа дінтанулық зерделеу тұрғысынан талдау жасау арқылы «Мәдина конституциясы» деп аталып кеткен келісімшарттағы әрбір баптың құқықтық, моральдық, әлеуміттік маңыздылығын айқындауға талаптанады.

Анарбаев Нұрлан Сайлауовичтің «Орта ғасырлық ханафи ғалым Әбу-л Қасым әл-Фарабидің//әл-Фарйабидің (?-1210) «Халисату-л хақайк» еңбегіндегі моральдық-этикалық нормалар: мәні мен маңызы» тақырыбындағы диссертациясында ортағасырлық ханафи ғалым Әбу-л Қасым әл-Фарабидің//әл-Фарйабидің өмірі мен шығармашылығына тарихи-сараптамалық талдау жасалып, ғалымның «Халисату-л хақайк» атты еңбегіндегі моральдық-этикалық нормалар, олардың мәні мен маңызы салыстырмалы тұрғыда зерттеліп, бүгінгі отандық гуманитарлық ғылым талаптарына жауап беретіндей ғылыми нәтижелер ұсынылған. Ханафи ғалым Әбу-л Қасым әл-Фарабидің//әл-Фарйабидің (?-1210) «Халисату-л хақайк» еңбегіндегі моральдық-этикалық нормаларға талдау алғаш рет жүзеге асырылып отыр. Бұндай зерттеулер қазақ даласының орта ғасырлық ғылыми бай мұрсын ғылыми бағытта игерумен қатар, тарихи-рухани жадыны жаңғыртуды, тарихи сабақтастықты сақтауды, рухани-мәдени танымды арттырып, тарихи сана негізінде патриоттық рух қалыптастыруды көздеген мемлекеттік ұлттық идеологияны қалыптастыруда да маңызды.

Акимханов Асқар Болатбековичтің «Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы (Китәб әт-тәуиләт атты еңбегі негізінде)» тақырыбындағы диссертациясы әлемге танымал мұсылман ғалым, матуридilik ақиданың негізін қалаушы имам Матуридидің өмірі мен шығармашылығына, оның иман негіздеріне қатысты көзқарастарын «Китәб әт-тәуиләт» атты еңбегі негізінде талдауға арналған. Қазақ елінің

де мұсылмандық сенімі осы матуридилік ақидаға негізделгендіктен бұл тақырып қазіргі қоғам, ондағы діни тұрақтылықты сақтау тұрғысынан маңызды.

Мамбетбаев Қайрат Жолдыбайұлының «Ханафи мазхабында хадистерді қабылдау өлшемдері және оның фикһи тармақ мәселелерге әсері» атты диссертациясында ханафи мазхабының хадистерді қабылдау өлшемдері жан-жақты талданған. Мазһаптың хадис өлшемдерінің фикһ тармақ мәселелерге әсері салыстырмалы тұрғыдан зерттелген.

4.2. Диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы

Диссертациялық кеңестің отырыстарында қаралған диссертациялар Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің Білім беру бағдарламаларына, университеттің Даму стратегиясына, Дінтану және Исламтану кафедраларының ғылыми зерттеу жоспарларына сәйкес орындалған. Сондай-ақ төрт диссертацияның да Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 648 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» және ұлттық мәдени мұраны игерумен байланысты мемлекеттік бағдарламаларға қатысы бар.

4.3. Қаралған жұмыстардың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау

Исахан Мұхан Баймұратұлының «622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі» атты диссертациялық жұмысының ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейі салалы-ауқымды деңгейде болып табылады. Диссертация материалдарын жоғары оқу орындарында дінтану, философия пәндері бойынша, жалпы және арнайы курстар бойынша дәрістер мен семинар сабақтарында пайдалануға болады. Зерттеудің негізгі ой-тұжырымдары мен қорытындылары қоғамдағы діни сана, діни бірегейлік пен діни ахуал мәселелеріне қатысты ғылыми ізденістерді жетілдіруге негіз бола алады. Ғылыми жұмыстың нақтылаған құнды материалдарын еліміздің жоғары оқу орындарында, ғылыми зерттеу институттарында, дінтану, мәдениеттану, әлеуметтану, мәдени антропология, әлеуметтік философия, құқық салалары бойынша бакалаврлар мен магистранттар үшін арнайы курстарды оқытуда, дәрістер мен семинар сабақтарын жүргізуде пайдалануға болады.

Анарбаев Нұрлан Сайлауовичтің «Орта ғасырлық ханафи ғалым Әбу-л Қасым әл-Фарабидің//әл-Фарйабидің (?-1210) «Халисату-л хакайк» еңбегіндегі моральдық-этикалық нормалар: мәні мен маңызы» тақырыбындағы диссертациясының ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейі салааралық болып табылады. Диссертация материалдарын жоғары оқу орындарында исламтану, дінтану, философия, мәдениеттану, Қазақстан тарихы пәндері бойынша, жалпы және арнайы курстар бойынша дәрістер мен семинар сабақтарында пайдалануға болады. Зерттеудің негізгі ой-тұжырымдары мен қорытындылары қоғамдағы діни сана, діни бірегейлік пен діни ахуал мәселелеріне қатысты ғылыми ізденістерді жетілдіруге негіз бола алады.



Акимханов Асқар Болатбековичтің «Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы (Китәб әт-тәуиләт атты еңбегі негізінде)» тақырыбындағы диссертациясының ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейі салааралық болып табылады. Диссертация материалдарын жоғары оқу орындарында исламтану, дінтану, философия, мәдениеттану пәндері бойынша, жалпы және арнайы курстар бойынша дәрістер мен семинар сабақтарында пайдалануға болады. Зерттеудің негізгі ой-тұжырымдары мен қорытындылары қоғамдағы діни сана, діни бірегейлік пен діни ахуал мәселелеріне қатысты ғылыми ізденістерді жетілдіруге негіз бола алады.

Мамбетбаев Қайрат Жолдыбайұлының «Ханафи мазхабында хадистерді қабылдау өлшемдері және оның фикһи тармақ мәселелерге әсері» тақырыбындағы диссертациясының ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейі салааралық болып табылады. Диссертация материалдарын жоғары оқу орындарында исламтану, дінтану, философия, мәдениеттану пәндері бойынша, жалпы және арнайы курстар бойынша дәрістер мен семинар сабақтарында пайдалануға болады. Зерттеудің негізгі ой-тұжырымдары мен қорытындылары қоғамдағы діни сана, діни бірегейлік пен діни ахуал мәселелеріне қатысты ғылыми ізденістерді жетілдіруге негіз бола алады.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертациялық кеңестің отырысында қорғауға ұсынылған төрт диссертациялық жұмыс бойынша рецензенттерді тағайындау қаралып, рецензенттер бекітілді. Әр докторанттың диссертациялық жұмысы үшін ғылыми дәрежесі бар және докторанттың зерттеу саласы бойынша 5 ғылыми мақаласы бар екі рецензенттен тағайындалды. Исахан Мұхан Баймұратұлының «622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі» атты диссертациялық жұмысының рецензенттері ретінде келесі ғалымдар бекітілді:

1. Мухитдинов Рашид Сражович – филология ғылымдарының кандидаты, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің доценті, мамандығы – 10.02.20.

2. Бағашаров Құдайберді Сабыржанұлы – дінтану PhD докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы, мамандығы – 6D020600

Анарбаев Нұрлан Сайлауовичтің «Орта ғасырлық ханафи ғалым Әбу-л Қасым әл-Фарабидің//әл-Фарйабидің (?-1210) «Халисату-л хақайк» еңбегіндегі моральдық-этикалық нормалар: мәні мен маңызы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына рецензент ретінде келесі ғалымдар бекітілді:

1. Кенжетай Досай Тұрсынбайұлы – философия ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумелув атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, мамандығы – 09.00.11.

2. Ахмедов Қыдыр Рахимович - Философия ғылымдарының кандидаты, Шет тілдер және іскерлік карьера университеті доценті, мамандығы 09. 00. 13

Акимханов Асқар Болатбековичтің «Әбу Мансур әл-Матуридидің иман мәселелеріне қатысты ұстанымы (Китәб әт-тәуиләт атты еңбегі негізінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына рецензент ретінде келесі ғалымдар бекітілді:

1. Сатершинов Бакытжан Меңлібекұлы – философия ғылымдарының докторы, доцент, ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты Дінтану бөлімінің меңгерушісі, мамандығы – 09.00.11.

2. Абжалов Сұлтамұрат Утешұлы – философия ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік халықаралық университеті, Дінтану кафедрасының доценті, мамандығы – 09.00.13.

Мамбетбаев Қайрат Жолдыбайұлының «Ханафи мазхабында хадистерді қабылдау өлшемдері және оның фикһи тармақ мәселелерге әсері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына рецензент ретінде келесі ғалымдар бекітілді:

1. Абжалов Султанмурат Утешович – философия ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Яссауи атындағы қазақ-түрік халықаралық университеті, Дінтану кафедрасының доценті, мамандығы – 09.00.13.

2. Сейітбеков Смаил Сүйеркұлұлы – философия ғылымдарының кандидаты, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Маңғыстау облысы бойынша өкіл имамы, мамандығы – 09.00.13.

Рецензенттер диссертацияларды және жарияланған жұмыстарды зерделеу негізінде диссертациялық кеңеске жазбаша пікірін ұсынды. Онда диссертациялық жұмыс тақырыптарының өзектілігі, диссертацияда тұжырымдалған ғылыми қағидалар, қорытындылар, ұсынымдар және практикалық құндылығы негіздемесінің дәрежесі, олардың жаңалығы бағаланып, тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды берілген.

Рецензенттердің пікірлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 ж. «31» наурыздағы №126 бұйрығымен (2012 жылғы 18 мамырдағы №225, 2013 жылғы 4 мамырдағы №172, 2016 жылғы 21 қаңтардағы №56 бұйрықпен бекітілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге) Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесінің талаптарына сәйкес орындалған және рәсімделген.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

6D021500 «Исламтану» және 6D020600 «Дінтану» мамандықтары бойынша Диссертациялық кеңестің жұмыс мерзімінің үш жылдан кейін де жалғасын табуын ұсынамыз.


7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер.

| | 6D020600- «Дінтану» | 6D021500- «Исламтану» |
|------------------------------------------|---------------------|-----------------------|
| Қараудан алынып тасталған диссертациялар | - | - |

| | | |
|-------------------------------------------------------|---|---|
| Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары | - | - |
| Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар | - | - |
| Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары | 1 | 3 |
| Оның ішінде басқа оқу орындарынан | - | - |
| Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары | - | - |
| Оның ішінде басқа оқу орындарынан | - | - |
| Қорғалған диссертациялардың жалпы саны | 1 | 3 |
| Оның ішінде басқа оқу орындарынан | - | - |

Диссертациялық кеңестің

төрағасы



А.Б.Дербисалиев

Диссертациялық кеңестің

Ғалым хатшысы



Ш.А.Адилбаева

